

Уызбай - менің мекенім



Арқадағы әсем сұлу Қарқаралы тауынан кербез Нұра басталады. Нұраға жолшыбай құятын Уызбай, Бикеш атты шағын өзендердің бойында Уызбай елді мекені орналасқан. Ауылымыз кейінірек Морозовка, Маржанкөл аталғанымен, өте ертедегі Уызбай деген атауын қайтып алғалы көп бола қойған жоқ. Ал енді неліктен Уызбай деп аталған? Жаугершілік заманда қызыл көз қалмақтардан тынышы кеткен ел Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қол осы елді мекенді басып өтіп Шуға қарай өтетінін естіп, алпыс атты жігіттерін ертіп жіберуге дайын отырған болатын. Жаумен арпалыста Бөгенбай батырдың Есенбай деген батыры қатты жарақаттанып қалады да, осы ауылдағы Қанатбек деген кісінің үйінде жатып емделсін деп қалдырып кетеді. Үй иесі жан-жақтан емші, балгерлерді алдырып, емдей бастайды.

Ешбір ем қонбаған соң, соңғы үмітпен ат сабылтып, арғы ата-бабалары тәуіп болған, хор қызындай үлбіреген бойжеткен Бикеш емшіні алдырады. Бикеш жігіттің тамырын ұстап, денесін құйрық маймен сылап, үш күн ұдайы уыз беру керек екенін және сусынға да уыз қымыз ішкізу керек екенін айтады. Алла қолдап, ем қонып, жігіттің беті бері қарай бастайды. Осыған дейін басқа ауылдарда да ара-кідік емін жасап жүрген Бикеш, Есенбайдың жағдайын білмекке Уызбай ауылына соғады. Осы ауылда біраз күн бөтелген Бикеш жігітке «Уызбай» деп ат қояды. Кешкілік алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнаған жастардың ішінде бұлар да болады. Бірін-бірі ұғысқан жас жігіт пен қыз бір-біріне ғашық болып, тіл табысып, сөз байласады, бірақ сол кезде Уызбайға жорыққа аттануға тура келеді. Жігіт екі жылдан кейін мамыр айында осы жерде кездесеміз дейді. Уәделі екі жыл өтеді. Аласапыран заман болғандықтан, жігіт серттескен күні келе қоймайды, кешігеді. Бұл кезде осы ауылдағы Нескебайдың мыртық Көкіші қызды айттырып алмақшы болады. Мыртық Көкішке барғанша, өлгенім артық, неде болса қашып кетіп Уызбайдың алдынан шығайын деп қыз жеңгесіне ішкі сырын айтып, қашып кетеді. Өп-сәтте артынан қуғыншылар шығады. Қыз Уызбай өзеніне ағып барып қосылатын

Қызылсайдан Кертөбелмен жүзіп өтпек болады. Қызылсайдың иірімі Бикешті атымен қосып тұңғиыққа шым батырады. Қыздың алған бетінен қайтпайтынын білетін ағасы Бикешті неге өз еркіне жібермедім деп өкінеді. Анасы болса, жер тартқыр, атың өшкір Қызылсай деп зар еңірейді. Өмірде бағын жерден таппаған Бикеш осылай Қызылсайдың ағынымен ағып кете бастайды. Қызылсай сол аққаннан ағып отырып, Уызбайға барып қосылады екен. Бұл күнде Қызылсай өзені «Бикеш» деп аталады. Содан бері жұрт жарыса ағып жатқан Уызбай-Бикеш өзендерін аңыз қылып, қол ұстасқан қыз бен жігіт секілді деседі екен.

Аңыз ғып есте сақтап туған елі, Ұмытылмай келе жатыр содан бері Уызбай, Бикеш болып аталады. Олардың мәңгі бірге жатқан жері. Бұл тамаша жыр-аңызды жұрттың мәңгі жадында сақталсын деп, осы өңірдің тумасы, ақын Махмет Темірұлы «Қуан, қазақ азаматтық алғаныңа» кітабын басшылыққа ала отырып құрастырған. Тағы бір нұсқасы «Азия транзит» газетінен Садуақас Томашиновтың «Уызбай-Бикеш» пьесасы бойынша алынды.

**А. УӘЛИЕВА,
Т. ЖУАНЫШБАЕВА**